

# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№51 (10 254)

13 желтоқсан

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

## ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



## Өңір дамуымен танысты

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады.

Облыс әкімінің айтуынша, биылғы I жарты жылдықтағы жалпы өңірлік өнім 6,2 пайыз өсіммен 781 миллиард теңгені құраған. Ал жыл аяғында 7,1 пайыз өсімге қол жеткізілмек. Он айдың қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 112,8 пайызды көрсеткен.

Ауыл шаруашылығының дамуында оң динамика бар. Сондай-ақ өндіріс көлемі, өнеркәсіп, сауда және құрылыс салалары ілгерілей түскен. Биыл өңірде

инвестиция тартылған. Осы ретте жеке инвестициялар саны 1,6 есе өскен. Бейбіт Исабаев 2024-2030 жылдарға арналған құны 3,5 триллион теңге болатын инвестициялық портфель қалыптастырылғанын жеткізді. Оның аясында 190 жоба қолға алынып, 11,8 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Биыл 54,9 миллиард теңгені құрайтын 48 жоба іске асырылып жатыр.

Бұдан бөлек, өңірдегі өнеркәсіп саласы туралы айтылды. Жетісу

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖЕТІСУДА

### "ASMA INDUSTRIAL" өндірістік аккумулятор шығару зауытында



Президентке өндіріс орнын таныстырған «ASMA INDUSTRIAL» ЖШС құрылтайшысы әрі зауыт директоры Серікбай Аймағамбетовтің айтуынша, мұнда мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібінде, телекоммуникацияда, теміржол саласында, сондай-ақ, «жасыл» энергетикада үздіксіз энергия көзі ретінде қолданылатын өндірістік аккумулятор батареялары шығарылады.

Мемлекет басшысына баяндалған мәліметтерге сәйкес, зауыт толық қуатына шыққанда 180 жұмыс орны құрылып, жылына 210 мың аккумулятор өндіреді. Дайындалған өнімнің 60 пайызын ТМД және Балтық елдеріне экспорттап, қалған 40 пайызын отандық нарықта сатуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ іске қосылған алғашқы жылы бюджетке 500 миллион теңгеден астам салық төлейді.

Зауытқа қажетті шикізаттың басым бөлігі Қазақстан кәсіпорындарынан сатып алынады. Атап айтқанда, «Казцинк» ЖШС-тен қорғасын, «Қазатомөнеркәсіп» ҰК» АҚ-дан күкірт қышқылын алса, сепаратор мен полипропиленді Қытайдан импорттайды.



247,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл былтырғы көрсеткіштен 4,1 пайызға артық.

Мемлекет басшысына жаңа инвесторларды тарту, облыстың инвестициялық тартымдылығын арттыру бағытындағы жұмыстар жөнінде есеп берілді.

Жыл басынан бері 1,3 есе өсіммен 327,1 миллиард теңге

облысында 549 кәсіпорын тіркеліп, 30 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Биылғы он айда өнеркәсіп өндірісі 3,9 пайызға өскен.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі тың бастамаларды құптады. Сондай-ақ, әлеуметтік - экономикалық даму қарқынын сақтап, тиісті жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

### Жаңа мектепке автобус сыйлады



Қасым-Жомарт Тоқаев Талдықорған қаласының іргесіндегі Ынтымақ ауылында биыл пайдалануға берілген №30 мектепті аралап көрді.

1200 оқушыға есептелген білім ошағының құрылысы жергілікті бюджеттің және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының есебінен қаржыландырылған.

Заманауи үлгіде жабдықталған мектепте 77 оқу кабинеті, мультимедиа сыныптары, спорт, гимнастика, мәжіліс пен кітапхана залдары, ағаш, металл және тігін шеберханалары бар.

Президент жаңа оқу ордасын аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті. Мемлекет басшысы мектепке автобус сыйға тартты.

Жалпы, биыл Жетісу облысында 3 жаңа мектеп ашылған. Оның ішінде екеуі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынды. Атап айтқанда, Панфилов ауданының Жаркент қаласында 1200 орындық, Көксу ауданының Қаратал ауылында шағын жинақты мектеп пайдалануға берілді. Қазіргі кезде облыс бойынша 5 білім ошағының құрылысы жүргізіліп жатыр.

### Волейбол клубында



Президент «Жетісу» волейбол клубының оқу-жаттығу кешінен аралап көрді.

Биыл пайдалануға берілген ғимараттың құрылысына 1,2 миллиард теңге жұмсалған. Ауданы 1 639,4 шаршы метр болатын нысан екі блоктан тұрады. Үш қабатты негізгі ғимарат волейболдан оқу-жаттығу сабақтарын, дене шынықтыру - сауықтыру процестерін өткізуге арналған.

Кешенде спорт және жаттығу залдары, медициналық, әкімшілік кабинеттері бар.

Мемлекет басшысы спортшы-ларға арналған тұрғынжаймен танысты. Онда пәтерлерден бөлек, асхана, оқу кабинеттері мен демалыс аймағы қарастырылған. Жеке инвестор салған ғимараттың ауданы – 3866,5 шаршы метр.

Қасым-Жомарт Тоқаев мамандармен және спортшылармен әңгімелесіп, команданың жақсы ойын үлгісін көрсетіп жүргенін атап өтті. Сондай-ақ, осыған дейін Алматы қаласында жаттығып келген клубтың енді облыста дайындық жасай алатынына назар аударды. Сөз соңында спортшыларға халықаралық деңгейде өнер көрсету қажет екенін айтып, алдағы жарыстарда жеңіске жетулеріне тілектестік білдірді.

Команда мүшелері қолайлы жағдай жасалғаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, волейбол добына қолтаңба қалдыруын сұрады.

### Қыстың қамын – жаз ойла!



вагондар санының, қысқаруына екеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы

рларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы



**2024 ЖЫЛҒЫ 8 ЖЕЛТОҚСАНДА ӨТКЕН АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА**

2024 жылғы 8 желтоқсанда бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Ақсу аудандық/қалалық/облыстық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті.

Сайлаушылар тізіміне 1331 азамат енгізілді. Дауыс беруге - 944 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша - 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс - 0 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны - 3.  
Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихат депутатын сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

№5 сайлау округі бойынша  
Жаксылыков Танат Балтабекович - үшін сайлаушылардың 702 дауысы берілді,  
Жұмагелдин Еламан Жұмагелдіұлы - үшін сайлаушылардың 119 дауысы берілді.

Тұрар Бақытжан Болатбекұлы - үшін сайлаушылардың 103 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны - 9;  
Сайлау қорытындысымен бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Ақсу аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды:

№5 сайлау округі бойынша – Жаксылыков Танат Балтабекович, 1974 жылы туған, "Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Бижарас Садырбай атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" КММ, дене шынықтыру оқытушысы. Ақсу ауданы, Қаракөз ауылының тұрғыны сайланды.

**АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.**

**Мемлекеттік қызмет алушылардың құқықтарын қалпына келтіру**

Қазақстан Республикасы азаматтардың құқықтары Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі – Департамент) жұмысындағы негізгі ұстанымдары мемлекеттік қызмет сапасын арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғау үшін жүйелі шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Осы ретте, ағымдағы жылы Департаментпен мемлекеттік қызмет алушылардың құқықтарын қалпына келтіру мақсатында байқау жұмыстары жүргізілуде. Байқау жұмыстарының аясында Департаментпен 81

Қ.МАНАП,  
**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңесінің төрағасы.**

**БАЛАБАҚШАЛАРДЫ КЕҢЕЙТУГЕ ҚАТЫСТЫ КЕДЕРГІЛЕР ЖОЙЫЛДЫ: САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР ӨЗГЕРТІЛДІ**

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің департаменті кедергілерді анықтау және жою жөніндегі кеңестің отырысында Жетісу облысындағы мектепке дейінгі білім беру саласындағы әкімшілік кедергілер бойынша мәселені талқылады. Негізгі тақырыптардың бірі - санитарлық ережелермен белгіленген балабақшалардағы дәретхана бөлмелерінің минималды аумағын талап ету болды.

Денсаулық сақтау Министрлігінің 2017 жылдан бастап қолданыста болған бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелердегі дәретханалардың ауданы кемінде 16 шаршы метр болуы керек. Бұл талап 2021 жылға дейін салынған балабақшаларды кеңейту мен жаңғыртуға үлкен кедергі болды.

Отырыс қорытындысы бойынша санитарлық ережелерге өзгерістер енгізу ұсынылды. Нәтижесінде уәкілетті орган норманы қайта қарастырып, аталған әкімшілік кедергі Денсаулық сақтау министрлігінің 2024 жылғы 10 қазандағы №81 Бұйрығымен жойылды.

Бұл өзгерістер мектепке дейінгі білімге қолжетімділікті жақсартады, балабақша иелері үшін шығындарды азайтады және мекемелерді дамыту үшін икемді жағдайлар жасайды.

**ЖЕКЕМЕНШІК БАЛАБАҚШАЛАРДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕҢСІЗДІГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕДЕРГІЛЕР КАРТАСЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті мемлекеттік тапсырыс негізінде жұмыс істейтін жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерін қаржыландыру бойынша кедергілерді анықтады.

2021 жылдан бастап мемлекеттік балабақша педагогтері біліктілік санаттарына сәйкес келесідей үстемеақы алады:

педагог - шебер жалақының - 50%,  
педагог - зерттеуші - 40%,  
педагог - сарапшы - 35%,  
педагог – модератор - 30%.

Бұл ретте жекеменшік балабақшалар аттестаттаудан өту және өз педагогтерінің біліктілігін арттыру талаптарына қарамастан, мұндай үстемеақыларды төлей алмай-

ды. Бұл жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесінде тиісті коэффициенттің болмауына байланысты (ҚР БҒМ №597 Бұйрығы).

Бұл кедергіні жою үшін Кеңес мүшелері жеке және мемлекеттік мекемелердің тәрбиешілеріне тең жағдай жасау үшін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді ұсынды.

Аталған мәселе республикалық кедергілер картасына енгізілді және уәкілетті органдардың қарауына жіберілетін болады.

**Ернар МӨТІБАЕВ,  
«Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті» РММ-нің бас маманы.**

**16 ЖЕЛТОҚСАН - ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ!**

**БАБАЛАР АҢСАҒАН ТӘУЕЛСІЗДІК**

Тәуелсіздік – азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтуі. 1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасы» тәуелсіздіктің, азаттықтың, демократиялық

мен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Өңұранымен айбатты. Тәуелсіздіктің туын қолда берік ұстау — әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның ең басты боры-

шы, ең биік мақсаты болуы қажет. Бүгінгі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, жаңа биіктерге ұмтылу – біздің буынның басты бағыты болуы тиіс.

Көшкентал ауылдық кітапханашысының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне - 33 жыл толуына арналған кітапханада «Тәуелсіздік, еркіндік – ежелден ел тілегі» тақырыбында тарихи кеш өткізілді. Кешіміз Мұқатай Нұрбектің «Қазақстаным» әнімен ашылды. Кітапханашы қазақ ұлты өткен тарихында көптеген қиындықты басынан кешкенін, аяусыз шұбылға ұшырауын азаттыққа қол жеткізу үшін батырларымыз бен ұлт қайраткерлеріміз тәуелсіздікті арман етіп, ұлттық мақсат ретінде қол жеткізгенін оқырмандарға баяндап кітап көрмесімен таныстырылды. Шарада Боранбай Айша, Өртбай Жанель, Өртбай Жансая, Сүгірбек Жібек және Ержанқызы Ақерке тәуелсіздікке арналған өлең шумақтарын оқыды.

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – Тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

Тәуелсіздігіміздің 33 жылдық мерейтойы тұғырлы, баянды болсын! Өрқашан күн сөнбесін! Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен еліміздің ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз мәңгі желбіресін!

**А. ТҮСТЕБАЕВА,  
Көшкентал ауылдық кітапханашысы.**



жаңғыртудың бастауы болды. Ол жас жігіттер мен қыздардың ар-намыс пен елдік рухтың жолында теңдікті талап еткен тегеуірінді күш - қайнарын тоғысқан шағы еді. Ел мен ұлттың тәуелсіздік құқын қорғау үшін бас көтерген желтоқсандықтардың бұл қадамы шын мәнінде ерлік болды. Міне, осы қанды оқиғадан кейін бес жыл өткен соң, Қазақстан тәуелсіздік туын тікті.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданған сол бір тарихи күнде, 1991 жылдың 16 - желтоқсан күні жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан келді. Біз өзіміздің рәміздерімізбен мақтанамыз, Қазақстан Туы-



**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ**

Әр ауыл, әр аудан мемлекетіміздің басты бөлшегі. Ал, жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп - өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Алайда сол жетістіктерімізді жоққа шығаратын, «қасықтап жинаған абыройды шелектеп төге салатын» бір мәселе ол - сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше,



жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу - олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат - қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас – жемқорлық - бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізге алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық

ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын.

Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат алдымен ауданымыздағы тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мұдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

**Берік ТЫНЫШБАЕВ,  
Ақсу ауданының әкімі.**

# ІЛИЯС ТУҒАН АҚСУДА

(Поэма)

*Жыр құлагері Ілияс Жансүгіровтың 130 жылдығына арналады!*

Еңіреп туған ел үшін,  
Төбініп туған жер үшін.  
Егіліп өлген мен үшін,  
Езіліп өлген сен үшін.  
Жою үшін қалмақты,  
Жоғалту үшін немісін.  
Қазақтың қорғап өрісін,  
Өткен еді даналар.  
Аруағың сыйынам,  
Ұрпағың бәрін бағалар.  
Солардан қалған сом тұлға,  
Матай Бербай дана бар.

Ілияс туған Ақсуда-  
Қасиетті ана бар.  
Атам жауға шапқанда,  
Бірге тұрып ақ таңда.  
Аттан салып аттанға.  
Шылауышы жалпылдап,  
Ақ самайы жалтылдап,  
Жігерін намыс қамшылап,  
Садақ тартса саусағы,  
Жебеге тиген сартылдап,  
Шоқпар қосқа қолында,  
Білезігі салқылдап.  
Жауды қуған алқымдап,  
Бармағынан бал тамған,  
Қылышынан қан тамған,  
Алтын құрсақ ана бар.  
Ұрпағы соның Гүлөйім,  
Ақын туған Сара бар.

Ілияс туған Ақсуда-  
Батыр мен ақын көптеген  
Қаптағай жатыр саруанда,  
Алпынан пенде өтпеген.  
Құдайназар жүз сарбаз,  
Елім деп қанды төккен ең.  
Ой жайлаудың басында,  
Қызылжар деген асуда,  
Қора шатқал тасында,  
Гүлөйім қызы қасында,  
Жүз сардары мерт болған,  
Жоңғардан түскен басымда,  
Арманда кетті сарбаздар,  
Арманға жетпей көксеген.  
Бөрібай, Сақай, Тоқпанбет,  
Жауларын қырып тектеген,  
Төртқара, Апыр, бар жерде,  
Бастырмай жауын шектеген,  
Түркістанға жерлепті,  
Айтылған қысқан сертпенен  
Жөңке таудан асырып,

Қалмақты Шонай кет деген.  
Тәуке Ханның іргесін,  
Қысық қылыш Тыбыш тескен  
ең.  
Тылсым сыр мен тістенген,  
Киесі қолдап күш берген,  
Әулие қазақ атанып,  
Түрліше істер істеген.  
Көтен тәуіп Байқотан,  
Ақшора ұлы іс көрген.

Ілияс туған Ақсуда-  
Қазақтың қаны қастерлі,  
Үрейге салған Мәскеуді  
Қырғыздар кесіп қолымен,  
Кене хан ақыр бас берді,  
Қырғызға салып бүлікті,  
Қызыдан алып әскерді,  
Кененің құнын қайтарып,  
Төнеке намыс ап келді.

Орыстар салып күдікті,  
Қазақтың бәрін тінтті,  
Байғазы кетті Сібірге,  
Мүсәпір де жүріпті.  
Кеңестік жауыз қысуда,  
Қазақты алған қысымға.  
Есеболат Нұрсұлтан,  
Ілінген найза ұшына,  
Есмұрат Сиқым ерлікпен,  
Атанды батыр тұсында.


Ілияс туған Ақсуда-  
Толғанбай шықты жыр төгіп,  
Ақын Сара нұр төгіп,  
Ілияс шықты гүл сөйіп.  
Тұрсынзада Есімжан,  
Толғауы тоқсан жыр төгіп.  
Қосағаштан Қанипа  
Тұрған бір нәсер күн төгіп.  
Жамаудың қандай екпіні,  
Бұлбұл көмей тіл көрік.  
Бұлар жырлап толғаса,  
Ай қараған күн төніп.

Ілияс туған Ақсуда-  
Көреген шыққан, би шыққан,  
Шешен шыққан тілді ұтқан.  
Ханға сақтап бірлігін,  
Қараға салған билігін,  
Құдайға салып құлдығын,  
Шешімін шешкен қырғынның,  
Мұжық би, Шоңды тұсында,

Көрсетті елге бірлігін.  
Түтінін түзеп түңлігін.  
Қытайдың күйін байқаған,  
Шаннұңге дәтін айта алған.  
Қазақтың сақтап бірлігін,  
Бастаған елін Сарытаудан,  
Ақсуды аңсап арнайы,  
Іледен көшін қайтарған.  
Ақ ешкіде би болған,  
Байболат еді майталман.  
Ас ішкен алтын табақтан,  
Ханды аузына қаратқан,  
Байлығын елге таратқан,  
Қаймықпай сөйлеп қабақтан,  
Салауат асқан санаттан,  
Сарышұаш шешен Шиырбай,  
Үпі қажы Есімбек  
Сөйлегенде таң атқан,  
Атан жілік арысым,  
Бәріңе мәлім танысың.  
Бұра мойын білекпен,  
Көтерген қазақ намысын.  
Әбілсейіт Айхан ұлы,  
Бөлскен ортақ табысын.  
Оңға да бірдей солға да,  
Жамбасқа алған шалысын,  
Бұғыбай ұлы Аманжол,  
Таңғалдырған тау мүсін.

Ілияс туған Ақсуда-  
Тұлпары тулап кермеде,  
Жорғасы зулап зердеге.  
Жұлдыздай аққан саңлағы,  
Еңіске бірдей өрге де,  
Бейжіңде өткен Мәскеуде  
Халықаралық көрмеде,  
Есімбек қажы құлатты,  
Әйгілі келген көмбеге.  
Алматыға барысқан.  
Жүйріктер мен жарысқан.  
Түймебас болған чемпион,  
Орта азияда шабыстан.  
Қараторғай жүгірсе,  
Жұлденің бәрін тауысқан,  
Маралқасқа барған жер,  
Құр қалмаған табыстан,  
Қазақстан чемпион,  
Атағын алған сайыстан.

Ілияс туған Ақсуда-  
Бағылан туған, бай туған,  
Күні күліп, ай туған.  
Төрт түлігі толықсып,



Мәртебесі артылған.  
Банкке есеп - шот ашып,  
Қалауын алған халқынан.  
Байлығымен қайырын,  
Аямаған жалпыдан.  
Мамания мектеп сап,  
Білімге елі талпынған.  
Атаға тартқан асыл ұл,  
Тұрысбек неткен сай туған.  
Көрмеген малын түгендеп.  
Мінсе де тұлпар жүгендеп.  
Бір жылда туып мың бота,  
Қойлары өскен түмендеп.  
Тақет Құлдыбай қажыны,  
Жырлаудым ұрпақ білер деп.  
Бөшікті әлем таныған.  
Жер қайысқан малынан.  
Жылына жүз мың қой айдап,  
Бұқарға тынбай сабылған.  
Шантудың ұлы Бөшікке,  
Базардың елі бағынған.

Ілияс туған Ақсуда-  
Айтылмаған тұлғалар,  
Ұрпаққа әлі тыңдалар.  
Тіліменен шешеннің,  
Үлгі болып жерланар.  
Ақсу болып арқырап,  
Ілияс болып тыңдалар !

**Ясын ҚАЛИӘКБАРҰЛЫ,**  
**«ҚР-ның Еңбек сіңірген**  
**қызметкері» төсбелгісінің**  
**иегері, Халықаралық**  
**«Таңжарық зерттеу»**  
**қоғамдық қорының мүшесі,**  
**Қазақстан Авторлары**  
**қоғамының мүшесі, «Қазақ**  
**Лауреаты» медалінің иегері,**  
**«Жетісу» Өлкетанушылар**  
**орталығы» қоғамдық**  
**бірлестігінің мүшесі,**  
**өлкетанушы.**

Ілияс Жансүгіров – «Қазақ поэзиясының Құлагері» деп мойындалған, ақын, тамаша прозаик, драматург, сатирик, қоғам қайраткері, өнертанушы. Оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Қазақ Сәкен мен Ілияс, Бейімбет үшеуін «Үш бәйтерек» деп бөле - жармай, тұтас атаған, төбесіне көтерген. Поэзиясы арқылы оқырманның қиялына қанат бітірген. Шығармашылығында гуманистік адамгершілік идеясын, ұлттық өнерді насихаттауға барынша күшін салған.

Ілияс Жансүгіров қазақ поэзиясын өркендетуге ерен үлес қосқан саласы пейзаждық лирик. Табиғатқа арналған «Жазға салым», «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Жаз», «Қыс», «Мезгіл суреттері», «Жел», «Жетісу суреттері» тағы да басқа өлеңдер жазған. Өлең жер жаннаты Жетісудың табиғаты туралы. Ақын «Жер тапқан жерде жетер Жетісуым» деп табиғатты шебер жырға қосады.

Биыл қазақтың үш бәйтерегі Ілияс Жансүгіровтың, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Маилинге 130 жыл толып отыр осыған орай Көшкентал ауылдық кітапханашысының ұйымдастыруымен мәдениет үйінде өз өлкеміздің тумасы Ілияс Жансүгіровке арналған «Біз Ілиястың ұрпағымыз» тақырыбында әдеби кеш ұйымдастырылып, өткізілді.

Кітапханашы А.Түстебаева кеш шымылдығын ашып, ақынның өмірінен қысқаша баяндама оқыды. Тақырыпқа сай кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шарада қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі айқын Гүлшаш «Ағынды менің Ақсуым» өлеңін оқыды, 10-сынып оқырмандары Нәби Еркежан «Күзгі гүлге», Сауытбай Аяна «Жаз», Мәделхан Ернар «Күнгей», Әлімақұн Меруерт «Бұлт», Айтқали Қарақат, ауыл тұрғындары Жұмабек Халида «Замандасқа», Сансызбай Майнұр «Анам тілі» өлеңдерін оқыды. Ауыл азаматы Сарқыт Елтоқ «Қазақтай ел қайда» әні, Әжелер тобы «Шилі өзен» әні, Мұқатай Нұрбек «Сәйгүлік» әндерін

## ҚАЗАҚТЫҢ МАНДАЙЫНА БІТІП ЕҢ СЕН!



орындады. Абай Гүлден, Еркінқызы Айша, Әлімақұн Меруерт «Шабыт» биі, Байтұрған Назым, Жанерке «Қамажай» биін биледі. Нәби Еркежан «Күйші» поэмасынан үзінді оқыды ақынның өлеңдерін нақышына келтіре оқып, ән мен биден шашу шашып, іс-шараның көркін келтірді.

Шара барысында құттықтау сөз кезегі ауылдық округінің бас маманы Ж.Каденова, ауылымздығын зейнеткері Б.Айтқожинаға берілді. Қатысушыларымызға ақ жол тілеп, ауылымыздан осындай өнерлі, дарынды болашақ ұрпақтарымыз көбейіп, биіктен көріне берулеріне өз тілек, лебіздерін білдірді.

Қатысушыларымызды іс - шараға белсене атсалысып қатысқандары үшін мәдениет үйінің директоры Жолдыханов Сырым Ескелдіұлы және жас-тар нұсқаушысы Есімбекова Айдана Ғазизқызы құттықтап, марапатады.

І.Жансүгіров қазақ поэзиясының өсіп, гүлденіп, жаңа сапаға жетуіне орасан зор еңбек етіп, жас ұрпаққа терең ойға толы алуан өлеңдер үлгісін қалдырды. «Өз ұлын, ерлерін ескермесе, Ел тегін алсын қайдан кемеңгерді» дей келе ақын жырлары ғасырдан ғасырға жалғасып, қалың елдің жүрегінде мәңгі сақтала береді деген сенімдеміз.

**А.ТҮСТЕБАЕВА,**  
**Көшкентал ауылдық**  
**кітапханасының кітапханашысы.**



## ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТИП

МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК  
БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІ

Қазақстан Республикасы Конституциясы, заңдары мен белгіленген ережелерге сәйкес, азаматтық, әкімшілік және қылмыстық процесс барысында Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекетпен кепілдендірілген білікті заңды көмек алуға құқылы.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегі – бұл дегеніміз заңнама талаптарына сәйкес, заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негізде тегін көрсетілетін заң көмегі болып табылады.

Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы Қазақстан Республикасы Заңы 26-бабының талаптарына сәйкес, мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалардың тізімі айқындалған, яғни, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғаға, Қазақстан Республикасының

азаматтық процесік заңнамасына және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасына сәйкес талап қоюшыға, Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға, жәбірленушіге, алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кемелетке толмағандарға көрсетіледі.

Сонымен қатар Заңнама шеңберінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары және мемлекеттік органдар

"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен, өз құзыреті шегінде құқықтық ақпарат беру түрінде өтеусіз көрсетеді.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен адвокаттық қызметті автоматтандыруға арналған заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесін құру көзделген.

Заңның осы ережесін іске асыру шеңберінде «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамымен «Е-Заң көмегі» ақпараттық жүйесі әзірленіп, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге адвокаттардың қатысуын ұйымдастыру мәселелері бойынша «Е-Заң көмегі» ақпараттық жүйесіне қатысты пилоттық жоба республиканың барлық аумағында

іске қосылды, онда мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттарды тағайындау автоматты режимде жүргізіледі.

Аталған жүйенің негізгі мақсаты – халықты онлайн режимде білікті заң көмегімен қамтамасыз ету болып табылады, сондай-ақ, азаматтарға үйден шықпай-ақ өзіне қорғаушы немесе өкіл таңдауға, оның кәсіби жауапкершілікті сақтандыру шартының бар-жоғын тексеруге, онлайн консультациялар алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар адвокаттардың қолайлылығы үшін жүйе мемлекеттік органдардың мемлекеттік деректер базаларымен және ақпараттық жүйелерімен ақпараттық өзара іс-қимылды көздейді, яғни, бұл дегеніміз дәлелдемелерді жинау уақытын едәуір қысқартатыны мәлім.

**Е.АХМЕТБЕК,**  
Жетісу облысы Әділет  
департаментінің орынбасары.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Қазақ мемлекеттік тілі – зерделі қазақтың кеудесінен еш уақытта шықпайды.

Өзім қазақтың, қазақ ұлтының шын өкілімін дейтін жанның барлығының жан дүниесін қыздырып, тамырын бүлкілдетіп соқтырып отыратыны ақиқат. Тіл саясаты – мемлекеттің саясаты, егеменді еліміздің берік атауы демографиялық әрі саяси ахуалдың қалыптасып қамтамасыз ететін ықпалды күш.

Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы 1990 жылы 1 шілдеден бастап күшіне енгізілді. Қазақ тілі өзінің барша құдірет – қуатымен әлемдік

тіл кеңістігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тілінің бүкіл әлем адамзатқа ортақ мән-мазмұндық байлықтың бір бөлігі. Әлем халықтарының бірде – бірінің сөздігінде ұшыраспайтын, тек қана қазақ тілінің мүмкіндіктері арқылы нақтылы құбылысты танып – түсінуге болатын сөз.

Қазіргі қазақ тілі – өсіп өркендеген, қоғамның барлық саласына жарамды, заман талабына сай тіл. Ана тілі – халықтың рухани, мәдениет байлығының, экономикалық және тарихи дамуының құралы. Сондықтан қазақ тілін өмірдің бар саласына кеңінен қолданып оның мерейі



мен мәртебесін көтеру бүгінгі аға ұрпақтың басты парыздарының бірі деп білу қажет. Тіл барша қазақстандықтардың мемлекеттік тілі – қазақ тілі руханиятымыздың, ұлттық болмысымыздың, Мемлекетіміздің, тәуелсіздігіміздің басты тірегі десек, мемлекеттік бағдарлама жобасы ең ауелі мемлекеттік тілді он жыл мерзімде жан-жақты дамытудың негізгі бағыт бағдарын айқындауға арналғаны айтылды. Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі, тіл – ұлттың төлқұжаты, мемлекеттік тұғыры. Ендеше, болашақтың берік іргетасын бүгін қалау қажет.

Әсіресе, өсіп келе жатқан жас ұрпақты мемлекеттік тілде жұмыс істеуге оқу орындарында даярлаумен қатар, іс жүргізуді меңгеруін қалыптастыру қажет. Сонда ғана ана тіліміздің өсіп – өркендеп, келешекте үлкен мәртебеге ие болып әлемде кең қолданыста жүрген тілдермен терезесі тең болады.

**С.ҚАЛЫШЕВА,**  
Жетісу облысы  
әділет департаменті  
құқықтық түсіндіру жұмысы  
және заңгерлік қызмет көрсету  
бөлімінің бас маманы.

— Добрый день, Азамат Несипбаевич! Спасибо, что нашли время для участия в интервью. Сегодня мы хотели бы поговорить о мерах по повышению правовой грамотности граждан. Мы понимаем, что это напрямую влияет на укрепление верховенства права в стране. Расскажите, пожалуйста, какую работу в этом направлении ведет Министерство юстиции?

— Добрый день! Действительно, правовое государство невозможно без активного участия граждан в правовых процессах. Важно, чтобы каждый понимал свои права и обязанности, знал, как защитить свои интересы в правовом поле. Этот вопрос не раз поднимался Главой государства, который акцентировал внимание на необходимости повышения правовой грамотности и неукоснительном соблюдении закона и порядка.

Министерство юстиции координирует праворазъяснительную работу в целом. Для достижения поставленной цели мы активно работаем в нескольких направлениях.

Во-первых, обеспечивается всеобщий доступ как к действующему законодательству, так и к проектам актов.

Для этого функционируют информационные системы «Әділет» и Эталонный контрольный банк законодательства. Люди могут посмотреть, изучить любой действующий закон онлайн, бесплатно.

А на платформе «Открытые НПА» можно следить за проектами нормативных правовых актов и активно участвовать в их обсуждении.

Во-вторых, учитывая, что сейчас большинство людей используют социальные сети для получения информации, мы ведем Instagram-страницу «zan.onai» — «Закон простыми словами», где разъясняем законы и их проекты доступным языком с помощью инфографики, видео и простых инструкций.

Через данную Instagram-страницу можно напрямую пройти на портал «Открытые НПА», о котором я сказал выше, если человек заинтересуется проектом и захочет подробно изучить проект, оставить на него свой комментарий.

В-третьих, мы активно с 2023 года задействовали потенциал радио, телевидения и печатных СМИ, так как эти инструменты, даже на фоне бурного развития социальных сетей, все равно пользуются спросом. Сейчас мы сотрудничаем с более 100 печатными СМИ, с несколькими радиоканалами и телеканалами, что позволяет распространять правовую информацию максимально широко.

В-четвертых, в 2024 году мы запу-

ИНТЕРВЬЮ С МИНИСТРОМ ЮСТИЦИИ –  
ЕСКАРАЕВЫМ А.Н.  
«МЕРЫ ПО ПОВЫШЕНИЮ ПРАВОВОЙ  
КУЛЬТУРЫ ГРАЖДАН»

стили проект «Кабинет права» в селах и районах для того, чтобы люди могли получить доступ к правовой информации, к государственному базам данных, изучить самостоятельно законы. Сейчас таких кабинетов более 2000 по стране.

В целом, мы стараемся сделать правовую информацию доступной для всех граждан, независимо от того, где они живут.

Для удобства граждан отдельные сайты и системы будут представлены в виде приложений и мобильных версий.

— Интересные проекты. Но эти инструменты, я так понимаю, человек использует в повседневной жизни, это позволяет ему участвовать в жизни государства. А что, если его интересуют конкретные правовые вопросы, ситуации, где нужны решения в правовом поле? Куда он может обратиться?

— Да, такие ситуации тоже бывают. Для этого при Министерстве работает круглосуточная правовая информационная служба, через нее можно получить базовую правовую консультацию. Данная служба доступна через звонки по номеру 119, через WhatsApp и Telegram-бот «19Kenesbot».

Кроме того, на ежемесячной основе тер-

риториальные органы юстиции совместно с адвокатами, нотариусами и другими квалифицированными специалистами проводят встречи, семинары, консультации, дни открытых дверей, в том числе в сельских населенных пунктах. В рамках данных мероприятий можно обратиться с правовым вопросом уже к конкретному специалисту живую.

Также функционирует система «e-zankomegi», в которой работают профессиональные адвокаты и юристы, к ним можно уже обратиться с ситуацией, требующей юридического сопровождения.

— Это действительно удобно. Насколько активно граждане используют эти возможности?

— Мы видим, что интерес и вовлеченность граждан растет. Люди все больше обращаются к информационным системам, к правовой информации в целом, и это замечательно. Ведь чем более информированным будет население, тем проще решать вопросы в правовом русле и строить активное гражданское общество.

— Как вообще население воспринимает праворазъяснительную работу? Оценивается ли это каким-то образом?

— Мы тоже задались этим вопросом в

текущем году, так как хотели понять, в правильном ли направлении движемся вообще. И для получения объективной обратной связи от населения мы запустили масштабное анкетирование через «eGov mobile», которое прошли почти 100000 граждан.

Результаты опроса показали, что большинство респондентов оценивают свои знания в области законодательства на среднем уровне, то есть они имеют базовые знания, но испытывают трудности при применении этих знаний в повседневной жизни.

— Какие основные проблемы были выявлены в ходе опроса?

— Одна из ключевых проблем, о которой говорят респонденты, заключается в сложности и трудности понимания законодательства. Люди сталкиваются с тем, что законы часто бывают сложными для восприятия, и им сложно ориентироваться в правовых вопросах.

Поэтому Министерство взяло этот вопрос на вооружение, и мы будем его решать комплексно. Мы уже движем инициативы по упрощению языка законодательства и по одновременной публикации закона вместе с его разъяснением.

Кстати, большинство граждан считают, что для повышения правовой грамотности работу необходимо начинать еще в школьном возрасте. Поэтому здесь тоже мы совместно с Министерством просвещения и Министерством науки и высшего образования будем работать в вопросах упрощения содержания предмета «Основы права» в школе и в активизации юридических клиник в университетах.

Мы продолжим анализировать результаты опроса и улучшать подходы к правовому просвещению. Важно, чтобы наша работа не только реагировала на текущие запросы граждан, но и предсказывала их потребности. Мы также планируем расширить использование цифровых технологий для доступности правовой информации, чтобы каждый гражданин мог получить нужную помощь в удобном и понятном формате.

— Спасибо за интересное интервью. Удачи вам в вашей дальнейшей работе!

— Спасибо! Мы всегда рады делиться нашим опытом и продолжать работать на благо граждан, стремясь сделать нашу работу еще более эффективной и полезной для каждого.

### АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Жер кодексінің» 26, 84, 85, 86, 87-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31,37 – баптарына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 тарауына, Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін, халықтың жайылым алқаптарға деген мұқтажын қанағаттандыру мақсатында 2024 жылғы 12 желтоқсаннан бастап меншік иелері мен жер пайдаланушылардан мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін иеліктен шығару басталсын.
2. «Марк и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдалануына, Арасан ауылдық округінде орналасқан, алаңы 730,0 гектар жайылым жер телімінің құрамынан 610,0 гектар жер телімін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару жүзеге асырылсын.
3. «Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі:
  - 1) осы Қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын;
  - 2) заңмен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне және мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға ескертсін және тең бағалы жер учаскелерін беруді немесе өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
  - 3) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін босалқы жерлер құрамына өткізілсін;
  - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
4. Аудан бюджетінен жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты туындайтын қосымша шығыстар қарастырылсын.
5. Жер пайдаланушымен келісу тәртібін жүзеге асыру үшін, үндеу орны: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, үшінші қабат, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің кабинеті болып бекітілсін.
6. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ф.Есжановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Б.ТЫНЫШБАЕВ.



ЖОБА

### АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ШЕШІМІ

Ақсу ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025 - 2029 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы

"Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес Ақсу ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу, Арасан, Б.Сырттанов, Есеболатов, Егінсу, Жаңалық, Жансүгіров, Қарасу, Көшкентал, Қарашілік, Қызылағаш, Қаракөз, Қапал, Матай, Молалы, Ойтоған, Суықсай ауылдық округтерінде 2025 - 2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарлар 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9,10, 11, 12, 13 осы шешімнің қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихатының «Экономика, бюджет, аграрлық сала, жер қатынастары, экология, кәсіпкерлікті дамыту және туризм мәселелер жөніндегі» тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу аудандық Мәслихатының төрағасы

Б. СҮЛЕЙМЕНОВ

Арасан ауылдық округі




Егінсу ауылдық округі




Есеболатов ауылдық округі



Жаңалық ауылдық округі



Жансүгіров ауылдық округі



Қапал ауылдық округі




Қарасу ауылдық округі



Қарашілік ауылдық округі



Көшкентал ауылдық округі



Қаракөз ауылдық округі




Қызылағаш ауылдық округі



Матай ауылдық округі




Молалы ауылдық округі



Ойтоған ауылдық округі



Суықсай ауылдық округі



Сырттанов ауылдық округі



Аким района

ТЫНЫШБАЕВ Б.



ПРОЕКТ

### РЕШЕНИЕ РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

Об утверждении плана по управлению пастбищами и их использованию по Аксускому району на 2025-2029 годы

В соответствии с подпунктом 1) статьи 8 Закона Республики Казахстан от 20 февраля 2017 года "О пастбищах" маслихат Аксуского района **РЕШИЛ:**

1. Утвердить планы по управлению пастбищами и их использованию в сельских округах Ақсу, Арасан, Б.Сырттанов, Есеболатов, Егінсу, Жаналық, Жансүгіров, Қарасу, Қошкентал, Қарашілік, Қызылағаш, Қаракөз, Қапал, Матай, Молалы, Ойтоған, Суықсай на 2025-2029 годы согласно приложениям 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 к настоящему решению.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на постоянную комиссию «По вопросам экономики, бюджета, аграрной сферы, земельных отношений, экологии, развития предпринимательства и туризма»

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней со дня первого официального опубликования.

Председатель Аксуского районного маслихата

Б.СҮЛЕЙМЕНОВ

